Ақсуат аудандық төтенше жағдайлар жөніндегі
комиссиясы отырысының
№ 3 ХАТТАМАСЫ

Ақсуат ауылы 13.03.2023 жыл

Төрағасы: Е. Ескендіров – аудан әкімінің орынбасары, аудандық төтенше жағдайлар жөніндегі комиссия төрағасы

Хатшысы: Р. Сайлаубаев – аудандық ТЖ бөлімінің аға инженері

Қатысқандар: М. Иманқажы -аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің бастығы, **Н. Хозаев**- аудандық полиция бөлімінің бастығы, **Р. Сейілханов**- аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің бастығы, **А. Шарипова**- аудан әкімі аппаратының жалпы бөлімінің басшысы, **Д. Есембаева**- аудандық санитариялық- эпидемиологиялық бақылау басқармасы басшысы, **С. Смағұлов** - Аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары, құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімінің басшысы, **Е. Қожахмет** - «Ақсуат» МКК басшысы, **Е. Тұрғанбаев**- «Қазақавтожол» РМК Шығыс Қазақстан облыстық филиалының №31 ЖПБ-нің басшысы, **Е. Рахметжанов** - аудандық желілік техникалық учаскесінің инженері, **С. Қисанов**- Шығыс Қазақстан аумақтық энергетика компаниясының Тарбағатай аудандық электр желісінің Ақсуат бөлімшесінің мастері, **Б. Сербатыров** - аудандық ауыл шаруашылығы, жер қатынастары және кәсіпкерлік бөлімінің басшысы, **Ж. Демеубаев**-«Қазселденқорғау» аудандық филиалының инженер-гидрологы, **А. Әштаева**- аудандық ауруханаңың бас дәргері, **Д. Тулембаев** - ҚР АШМ ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Ақсуат аудандық аумақтық инспекциясы басшысы, **К. Шыныбаев**- «КазСуШар» Ақсуат ӨУ басшысы,

Комиссия отырысының күн тәртібі:

Төтенше жағдайлардың алдын алу және жою мақсатында Ақсуат ауылындағы «Балдырған» бөбекжайына айналдырма сорғысын алу туралы

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша «Балдырған» бөбекжайының меңгерушісі Қ. Нұрсафина хабарлама жасады.

«Балдырған» бөбекжайы ғимаратының жылу жүйесінің WILO Tup -S65/13 маркалы айналдырма сорғысы істен шығып, қолдануға жарамсыз болып қалды. Бұл өз алдында ауа – райының суықтығына байланысты авариялық жағдай қалыптастырып, төтенше жағдайларға алып келуі мүмкін. Осы мәселені жою үшін тез арада шаралар қабылдау қажет екенін айтып өтті.

Қорытындылай келе аудан әкімінің орынбасары Е. Ескендіров қалыптасқан жағдайды жедел түрде қалпына келтіру үшін жұмыстар жасау керектігін жеткізді.

Аудан әкімі орынбасарының (Е. Ескендіров) және комиссия мүшелерінің пікірлерін қорыта келе төтенше жағдайлар жөніндегі аудандық комиссия отырысы **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

«Балдырған» бөбекжайына (Қ. Нұрсафина) төтенше жағдайларды алдын алу және болдырмау мақсатында айналдырма сорғысын шұғыл түрде алу үшін қаражат бір көзден қолданыстағы заң аясында қарастырылсын.

Аудан әкімінің орынбасары,
аудандық төтенше жағдайлар
жөніндегі комиссия төрағасы **Е. Ескендіров**

Аудандық ТЖ бөлімінің аға инженері **Р. Сайлаубаев**